

## ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

\*Сансызбаева Д.Б.<sup>1</sup>, Әліпбек А.З.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: [dinnar-a@mail.ru](mailto:dinnar-a@mail.ru)

<sup>2</sup>п.ғ.к., доцент м.а. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан  
e-mail: [alipbek\\_ardak@mail.ru](mailto:alipbek_ardak@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақала үштілді білім беру жағдайында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен мазмұны және мүмкіндіктері мен маңыздылығы жайындағы өзекті мәселеге арналады. Аталмыш мәселенің өзектілігін айқындау мақсатында үш тілді білім беру, құзыреттілік, мәдениетаралық құзыреттілік ұғымдарының зерттелу жай-күйіне педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік тұрғыдан қарастырылған отандық және шетелдік ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне жан-жақты талдаулар жасай отырып, авторлар өздерінің жеке анықтамаларын келтірген.

Үш тілді білім беру тұжырымдамасы арқылы өскелең ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға баулуға және әлемдік кеңістік пен көрші мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыруға болатындығы туралы теориялық және әдістемелік талдаулар қарастырылған.

Мақала шеңберінде жалпы білім беретін мектептерде үштілді білім беруді мақсатты, жүйелі тұрғыдан ұйымдастыру арқылы оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруды практикамен ұштастырып, тәжірибелік жұмыстармен тығыз байланысты екендігі айтылады. Авторлар тәжірибе барысында тесттер, сауалнамалар, сұхбаттар, әңгімелесулер, оқушылардың сабақтардағы жұмысына тікелей мониторинг жасау, жазбаша жұмыстар және психологиялық жаттығулар мен әдістемелерді кеңінен қолданып және мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру жұмыстарының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасаған.

**Тірек сөздер:** үштілді білім беру, оқушы, мәдениет, құзыреттілік, мәдениетаралық, қарым-қатынас, қалыптастыру, әдіс-тәсілдер

### Негізгі ережелер

Зерттеу мақсатына байланысты үштілді білім беру жағдайында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің мәні мен мазмұнын ашу үшін үш тілді білім беру, құзыреттілік, мәдениетаралық құзыреттілік ұғымдарын қарастыруды ұйғардық.

Үштілді білім беру мәселесі көптеген қазақстандық ғалым зерттеушілер еңбектерінде жан-жақты әр қырынан қарастырылуда. Мәселен,

- оқушыларға үш тілді білім беруді шетел тілі теориясы бойынша оқытудың теориялық және әдістемелік бағыттары С.С. Құнанбаева [1];

- үш тілді білім беру жүйесінің теориялық негіздері Б.А. Жетпісбаева [2];

- жалпы білім беретін мектептерде үш тілді білім берудің тиімділігін дамыту Д.Э. Гаипов [3], С.Ж. Берденова [4], А.Н. Жорабекова [5];

- жастардың коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттіліктерін көп тілді білім беру арқылы жетілдіру Э.Д. Сүлейменова [6], П.А.Құдабаева, К.М.Беркімбаев [7], Есимғалиева Т.М. [8];

- ЖОО-да болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру К.С.Құдайбергенова [9], Б.Т. Кенжебеков [10], О.К. Оразбаева [11], А.К. Аманова [12] және т.б.

*Жоғарыда қарастырылған ғалым-педагогтардың еңбектеріндегі көзқарастарды басшылыққа ала отырып, зерттеу мақсатына сәйкес үш тілді білім беру ұғымын жүйелеп көрсетуді жөн көрдік. Мәселен,*

- ЮНЕСКО-ның негізгі құжатында үш тілді білім беру – білім беруде әр халықтың өзіндік ұлттық ана тілі мен дүниежүзілік қолданыстағы халықаралық тілді пайдалану, үш тілділікті басқа халықтарға да қол жетімді болу құралы және мәдениетаралық коммуникативтік дағдылардың құрамдас бөлігі [13].

- үштілді білім беру – екі және одан да көп тілде сол халықтардың мәдениеті, көзқарасы, сана-сезімі мен салт-дәстүрі жайында білім беру [14].

- үштілді білім беру – белгілі бір мақсатқа сәйкес ұйымдастырылған үш тілді бағытта оқыту процесі. Сондай-ақ, жас ұрпақты жан-жақты жетілген көптілді тұлға ретінде қалыптастыруда бір мезгілде көптілді меңгеру туралы тілдік білім, ептілік пен дағды және тіл мен мәдениетке деген эмоционалды құндылықты қарым-қатынасты білдіреді [2].

- үш тілді білім беру – оқу-тәрбие жүйесінде білім алушыларға екі немесе одан да көп тілде білім беру процесі [15].

- үш тілді білім беру – үш және одан да көп тілді ортаны үйрету және меңгерту негізінде көптілді тұлғаны қалыптастыру процесі [16].

Жаһандану кеңістігіндегі үш тілді білім беру жағдайы мен даму өзгерістеріне талдау жасауда шетелдік ғалым Граймз өз еңбектерінде әлемдік тілдің 60 мыңға жуық түрінің бар екендігін қарастырады [17].

*Сонымен қатар, Датчер, Таккердің еңбектерінде оқушыларға үш тілді білімді үйретудің мынадай маңызды міндеттері нақтыланады:*

- үштілді үйретудің басты мақсаты – білім алушының сана-сезімін дамыту үшін өз ана тілін жан-жақты білуге, үйренуге мүмкіндіктер тудыру қажет;

- білім беру саласындағы соңғы талаптар мен сұраныстарына сай көп тілді беру бағдарламалары мен тұжырымдамаларын ата-аналар мен қоғамның өзара бірлікте қолдауы;

- мұғалімдер үштілді білу керек. Бұл мақсат – мұғалімнің өз тілінде, яғни ана тілінде және шет тілдерінде пәндерді жүргізу үшін тілдік құзыреттіліктің жоғары деңгейде дамыған болуын көрсетеді;

- мұғалімдердің тілдік құзыреттілік деңгейін анықтайтын жоғары кәсіби білімі болуы шарт және оны ұдайы үздіксіз арттырып отыру қажет;

-мұғалімдер өзінің кәсіби педагогикалық іс-әрекетінде тілдік құзыреттілікке қатысты заманауи инновациялық бағдарларды жүйелі қолдану[18].

*Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігіне сәйкес,* құзыреттілік ұғымы құзыр сөзінің туындысы ретінде кез келген іс-әрекетті және тапсырманы орындаудағы қабілеттілік немесе бір нәрсені жасай алу қабілеттілігі деген мағынаны білдіреді [14].

*Қазақ Ұлттық энциклопедиясында:* құзыреттілік – белгілі бір ұйымның заңды өкілдерінің нақты іс-әрекеттері, құқықтары мен мақсат-міндеттері жиынтығы деп қарастырылады [19].

*Н.К. Кабардов, Е.В. Арцишевская еңбектерінде* құзыреттілік ұғымының жеке тәсілдері қарастырылады. Белгілі ғалымдардың құзыреттілік, қабілет деген ұғымдарға берген түсініктемелеріне салыстыру әдістерін қолдана отырып, талдау жасалады. Сонымен қатар, зерттеуші ғалымдардың анықтамасына сәйкес, құзыреттілік – жеке адамның мінез-құлқының ерекшелігі, белсенділігі, іс-әрекеттің белгілі бір түрін білуге, үйренуге қажетті дағдылар жиынтығы және меңгеру мен үйретудің нәтижесі деп түсінік беріледі [20].

*М.А. Холоднаяның еңбектерінде:* құзыреттілік – нақты кәсіби іс-әрекет аймағында оңтайлы шешім шығаруға ықпал ететін арнайы ерекше салалық білім түрі болып табылады, деп анықталады [21].

*Л.М. Митина, құзыреттілік дегенді* жеке адамның өзін-өзі дамыту мақсатына сай бағытталған тәжірибесіне, қарым-қатынасына және тағы басқа іс-әрекетіне қажетті білім, білік, дағдылардың тәсілдері деп анықтайды [22].

*А.Ф. Присяжнаяның түсінігінде,* құзыреттілік – нақты қызмет ететін саласы бойынша жеке адам қабілеттіліктерінің дифференциалды және интегративті қасиеттер жиынтығы болып табылады [23].

*Ғалымдардың еңбектерінде мәдениетаралық құзыреттілік ұғымына да бірқатар анықтамалар беріледі:*

- *Мәдениетаралық құзыреттілік* – бұл үйренушінің өзге халықтың мәдениетін толлеранттылықпен қарым-қатынас жасау қабілеттілігін қалыптастырады, шынайы түрде басқа халықтың мәдениетін түсінуі, қабылдауы, өмір салтындағы ережелер, дағдылар мен мінез-құлықтарын үйренуі. Осы арқылы әлемдік мәдениетті дұрыс түсініп, қабылдап қана қоймайды, өз халқының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамытуға ықпал етеді (Костомаров В.Г.) [24].

- Мәдениетаралық құзыреттілік – жеке адамның жергілікті және өзге де халықтардың кәсіби және әлеуметтік салалық білімдері туралы оң көзқарастары, мәдени құндылықтары, өз халқының басқа халықтар арасындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындайтын тұлғаның этноәлеуметтік-мәдени негізделген интегративті сапасы [25].

- *Мәдениетаралық құзыреттілік* – әрбір елдің қалыптасқан өмір салты мен ұстанатын дәстүрлері, діни бағыттағы ілімімен қатар, сонымен бірге оның мәдениеті, өмір салты, мінез-құлқы туралы сөйлесе білуді де көздейді (Нурлыбекова А.Б.) [26].

- *Мәдениетаралық құзыреттілік* – жеке адамның мәдениетаралық қарым-қатынастарға деген дайындығы, біліктілігі, жергілікті және өзге де елдердің маңызды жақтарын білу (тіл, дәстүр, құндылықтар, өнер және мінез-құлық) коммуникативті қарым-қатынас қабілеттілігінде көрінетін, оңтайлы әртүрлі ұлттардың тұлғааралық өзара байланысын анықтайтын тұлғалық қасиеттері болып табылады (Карабаева А.А.) [27].

*Жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің анықтамаларының бәрін қолдауға болады, өйткені олар өздерінің зерттеу пәніне қарай негізделген. Біз де зерттеу пәнімізге қарай өз анықтамамызды береміз. Біздің пайымдауымызша, үштілді білім беру – жас өскіннің әлемдік білім аймағына еркін қатыса алатын, аймақтық және халықаралық ғылым мен білім тәжірибелерін игере алатын, жеке қызығушылықтары мен коммуникативті қабілеттері арқылы үш тілді білім, ептілік, дағдыларды дамытуды көздейтін көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру процесі.*

*Мәдениетаралық құзыреттілік* – тұлғаның басқа ұлт өкілдерінің тілін, салт-дәстүрін, мәдениеті мен ұлттық құндылықтары туралы білім, ептілік және дағдылар жиынтығы. *Құзыреттілік* – тұлғаның нақты ғылыми салада белгілі бір әрекеттерді орындай алуда көрініс беретін білімі, біліктілігі мен дағдысы.

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары үштілді білім беру мәселесі еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтудың және өркениетті елдер қатарына кірудің бірден-бір жолы болып табылады. Осыған байланысты үштілділік тұжырымдамасы – үздік дамыған елдер арасында тең құқықты, бәсекеге қабілетті Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына бағытталған ұлттық идеологияның бір бөлігі болып табылады.

*Оқушыларға үш тілді білім беру* – жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие процесін мақсатты-бағытта ұйымдастырылды. Үштілді білім беру жағдайында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде эксперименталдық тәжірибеден сынақтан өтті. Онда мынадай мәселелерге баса назар аударылды:

- дамушы өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелерде көптілді оқытушы кадрларды даярлауға қатаң тәсілдерді қолдану;

- өңірлік жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік білім беру кеңістігін дамытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді бағдарламаларына негізделген модель негізінде кадр саясатын болжау;

- білім беру практикасы мен кадр саясаты субъектілерінің қызметін интеграциялаудың ерекше шарттарын ескере отырып, республиканың үздіксіз және кәсіптік-педагогикалық білім беру жүйесінің қызметіндегі проблемаларды болжамды талдауға және нақты, жеке міндеттерді шешу жолдарын анықтауға және жасауға бағдарлану және т.б.[28].

### **Материалдар және әдістер**

Қазіргі таңда үштілді білім беру – уақыт талабы болып табылады. Үштілді білім беру арқылы өскелең ұрпақты әмбебап, жаһандық құндылықтарға баулуға, әлемдік кеңістік пен көрші мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастыруға болады. үш тілді білім беру – адамдар арасындағы келісім мен түсіністік мәселесін шешуге көмектеседі. Еліміздің азаматтарын парасатты, жан-жақты жетілген тұлға ретінде қалыптастыру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны озық әлемдік ойлаумен ұштастыра отырып, терең, әрі жан-жақты білім беру қажет.

*Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруда басшылыққа алатын үш тілді білім беру принципі* – оқушылардың мәдениетаралық қарым-қатынаста көп тілді білім, ептілік, дағдыны жүйелі игерту процесі.

Оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруда оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерінің бірі коммуникативті әдіс болып табылады. Коммуникативті әдіс, ең алдымен, сөйлеу мен тыңдауға бағытталған коммуникативті тәжірибені дамытуға бағытталған. Бұл әдіс арқылы оқушылардың тілді меңгерудегі және мәдениетаралық ынтымақтастықтағы мазасыздық жағдайдың алдын алуға бағытталған. Бұл әдістеменің мақсаты – ойын әдістері арқылы жағдаяттарды шешуге, бірлесіп жұмыс істеуге немесе жұптасуға бағытталады.

*Ғалым-зерттеуші Е.И. Пассовтың еңбектерінде оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған қарым-қатынас әдісінің бірқатар ұстанымдарын анықтады:*

- ауызша сөйлеу бағыты (сөздік құралдардың көмегімен жүзеге асатын қарым-қатынас);
- нақты іс-әрекеттік (коммуникативті және интерактивтік қарым-қатынастың көмегімен жүзеге асыру);
- жағдаяттық (оқу үдерісін рөлдік ұйымдастыру);
- инновациялық (қарым-қатынас пәнін, объектісін, субъектілерін және шарттарын және т. б. өзгерту);
- қарым-қатынастың жеке бағдары (оқушылардың, сыныптардың жеке мүдделерін есепке алу);
- модельдеу (зерттеу мақсатына сай елдің мәдениеті мен тілдік жүйесін модель түрінде ұсыну)[29].

*Жұмыс барысында біз зерттеу мақсатына сәйкес, оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты мәдениетаралық құзыреттіліктер тренингін жүргіздік. Бұл тренингтің мақсаты* – қарым-қатынаста жеке адамның тұлғалық және кәсіби дамуындағы мәдениетаралық құзыреттіліктерін қалыптастыру әрқашанда өзекті болып табылады. Мәдениетаралық құзыреттілік мәселесі отандық және шетелдік ғалым-зерттеушілердің еңбектерінен орын алады. Мәдениетаралық құзыреттілік – жеке адам өмірінің барлық салаларында және әлеуметтік топтарда маңызды орынға ие. Адам мәдениетсіз, қарым-қатынассыз тұлғалық бағытта дами алмайды.

Мәдениетаралық құзыреттіліктің құрылымы қарым-қатынастың негізгі мазмұнын анықтайды. Мәселен, ақпарат беру, өзара әрекеттесу, бірін-бірі тану. Ақпаратты беру, тасымалдау – қарым-қатынастың коммуникативті жағын, өзара белсенді әрекеттесу – қарым-қатынастың интерактивті жағын, бірін-бірі тану – қатынастың перцептивті жағын айқындайды. Мәдениетаралық қарым-қатынаста тұлғалардың бір-бірімен тығыз, қоян-қолтық араласуы, басқалар сізді түсінуі үшін өз ойларыңызды сауатты жеткізе білу өте маңызды.

### **Нәтижелер**

*Тренингтің мақсаты:* оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру.

#### *Міндеттері:*

- мәдениетаралық қарым-қатынаста оқушылардың бойында сендіру дағдыларын қалыптастыру;
- мәдениетаралық қарым-қатынаста оқушылардың көзқарасын қорғайтын дәлелді мәліметтерді анықтау;
- мәдениетаралық қарым-қатынаста оқушылардың бір-бірімен ортақ тіл таба білу қабілетін дамыту;
- мәдениетаралық қарым-қатынаста тілдің анықтығы, мазмұны, ырғағының маңыздылығын атап өту;
- мәдениетаралық қарым-қатынаста тиімді тәсілдерін үйрету;
- басқа ұлтар мәдениетіндегі вербальды емес қарым-қатынастың құралдары мен белгілерін тану.

#### *Қатысушыларға қойылатын талаптар:*

- Тренинг мектеп оқушыларына арналған.
- Қатысушылар саны 10-16 адамнан аспау керек.
- Оқушылардың дайындық деңгейі – ыңғайлы аяқ киім.

*Тәжірибелі-эксперимент жұмысының мақсаты* – үштілді білім беру жағдайында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің тиімділігін тексеруге бағытталды.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысының анықтау кезеңінде оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігінің алғашқы деңгейі арнайы диагностикалық әдістер (тесттер, сауалнамалар, жалпы ақпарат және т.б.) арқылы тексерілді. *Диагностикалық кезеңінің негізгі мақсаты* – мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты оқушылардың білімін, ептіліктері мен дағдыларын тексеруге бағытталды. Қазіргі педагогикалық экспериментте оқушылармен сұхбаттасу, сауалнамалар жүргізу, бағдарламалық құжаттық ақпаратты саралау және педагогикалық болжамды объективті және негізделген түрде тексеруге арналған зерттеу әдістері пайдаланылды. Мысал үшін бірнеше әдіске тоқтала кеттік. Мәселен:

*Бір сөз арқылы түсіндіру жаттығуы (20 минут).* *Мақсаты:* оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру процесіндегі сөздің мазмұны, анықтығы және дауыс ырғағының маңыздылығын анықтау.

*Қажетті құралдар:* түрлі ұлт өкілдерінің вербальды емес қарым-қатынасын анықтайтын құралдар мен белгілері көрсетілген плакаттар мен ағаш тақтайшалар.

*Жұртшылықтың назарын аудару жаттығуы* (10 минут). Бұл жаттығудың мақсаты – тілдік емес коммуникациялық құралдарды тиімді пайдалану.

Коммуникацияның негізгі заңдары жаттығуы (20 минут). Бұл әдістеменің негізгі мақсаты – тілдік емес коммуникация, сыныптағы өзара пікірлесу, топтық қисынды ойлау дағдыларын дамыту.

Менің қарым-қатынасымдағы қиындықтар әдістемесі (20 минут). Бұл әдістеме коммуникативті қарым-қатынаста туындайтын қарама-қайшылықтар мен кедергілерді анықтауды көздейді.

Жабдық: ақ парақ, қарындаш.

Мәдениетаралық қарым-қатынаста бір-бірінің пікірін тыңдай білу әдістемесі (25 минут). Бұл әдістеменің мақсаты – оқушыларға жеке басындағы проблемалар және оның психикалық күйлерін төмендететін нәрселер туралы анық, әрі жан-жақты айту; оқушылардың тұлғалық қасиеттеріне нақты не көмек беретінін анықтау. Тыңдау және түсінудің әдіс-тәсілдерін нақтылау. Қорытындылау, ұсыныстар айту.

### **Талқылау**

Практикалық жұмыстар барысында сыныптағы оқушыларға түрлі психологиялық әдістемелер қолданылды, оқушылар әдістемені қабылдау барысында өздерін еркін ұстауға тырысты. Алайда, сыныптағы бірқатар оқушылар коммуникативті қарым-қатынаста айтылған сөздеріне басқаларды иландыра алмай, мазасызданып тұрған тұстары байқалды. Бұл көріністер (қазақ тілді емес сыныптар) басқа тілді сыныптарда байқалды, өйткені мұнда бірнеше ұлт өкілдері оқитын еді. Бірқатар оқушылар өзге тілді мәдениет өкілдерімен сәлемдесудің, яғни хал-жағдай сұрасу мен тілектестік, жанашырлық сезіммен бөлісудің тілдік емес құралдарын толық меңгермегендігін көрсетті.

Жүргізілген практикалық әдістемелер сыныптағы оқушылардың тұлғааралық сенімділігін арттыруға, мәдениетаралық қарым-қатынасты маңызды жақтарын толық түсінуге ықпалын тигізеді деп есептейміз. Сонымен, практикалық жұмыстардың басты нәтижелері жеке бағдарланған тәсілмен мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру тәжірибесіне сүйене отырып, оқушылардың жеке қызығушылықтары мен тілді үйренуге алдынала дайындығын анықтау қажет екенін көрсетті. Бұл мәліметтер оқытушыға сынып құруда, оқу бағдарламасын анықтауда көмектеседі.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы бағдарламасына сәйкес оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыруға байланысты әдістемелік нұсқаулар дайындалды. Сондай-ақ, оқушылардың ағылшын тілі бойынша өткізілетін өздік жұмысында заманауи технологияларды қолдану нысандары, әдістері мен қабылдағыштары іріктеліп, тәжірибеге енгізілді. Мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру

бойынша білім, іскерлік пен дағдыларын айқындау мақсатында бірқатар әдістер (тестілеу; сауалнамалар, сұхбаттар, әңгімелесулер, оқушылардың сабақтардағы жұмысына тікелей мониторинг жасау, жазбаша жұмыстар) жүргізілді.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдеріне сәйкес ұйымдастырылды. Оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелі-эксперимент жұмыстарын жүргізу үшін материалдар дайындалды, құрылған жалпы білім беретін мектептерде семинарлар мен кездесулер ұйымдастырылды, онда эксперимент үшін пайдаланылатын оқу құралдарының мазмұны нақтыланды.

### **Қорытынды**

*Үштілді білім беру жағдайында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері тақырыбында философиялық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерді талдау мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:*

- үштілді білім беру мәселесі көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде зерттеу пәніне қарай жан-жақты қарастырылады;

- үштілді білім беру, мәдениетаралық құзыреттілік, құзыреттілік ұғымдарына жеке авторлық анықтамалар беріледі;

- мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудағы үштілділік қағидасының мәні – оқушыларға бір немесе одан да көп тілдерді үйрету арқылы олардың бойында мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыруды көздейтіні жайлы баяндалады;

- тәжірибелі-эксперимент жұмысы барысында оқушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында қолданылған диагностикалау әдістері (тесттер, сауалнамалар, сұхбаттар, әңгімелесулер, оқушылардың сабақтардағы жұмысына тікелей мониторинг жасау, жазбаша жұмыстар) өзінің тиімділігін дәлелдейді.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Құнанбаева С.С. Заманауи шет тілінен білім берудің теориясы мен тәжірибесі. – Алматы, 2010. -340 б.

[2] Жетпісбаева Б.А. Көптілдік білім берудің теоретикалық-әдістемелік негіздері. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009.

[3] Гаипов Д.Ә. Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру: пед.ғыл.канд.13.00.01. – Астана, 2007.

[4] Берденова С.Ж. Формирование коммуникативной компетенции полиязычной личности учащихся 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения: дис. ... канд. пед.наук. 13.00.02. – Алматы, 2006.

[5] Жорабекова А.Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода: диссерт. PhD философия докт. – Туркестан, 2015.

[6] Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. – Алматы: Казахский университет, 2011. – 117 с.



- [7] Құдабаева П.А., Беркімбаев К.М. Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудағы Podcast, Case Study, Framing технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. – Түркістан, 2017. – 82 б.
- [8] Есимғалиева Т.М. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру: PhD философия докт. диссерт. – Алматы, 2022. – 194 б.
- [9] Құдайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми теориялық негізі. Монография. – Алматы. 2008. – 328 б.
- [10] Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл.докт....автореф.: 21.05.05. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- [11] Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: PhD философия докт. диссерт. – Алматы, 2016. – 40 б.
- [12] Аманова А.К. Болашақ педагог-психолог мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: PhD философия докт. диссерт. – Астана, 2017. -143 б.
- [13] ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасы. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. – Париж, 2003. – 38 с.
- [14] Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. – 232 б.
- [15] Садыкова А.Н. Уроки жесткой конкуренции: Юнион Консалтинг Групп, 2007.

## REFERENCES

- [1] Qunanbaeva S.S. Zamanawı şet tilinen bilim berwdiñ teoriyası men täjirıbesi (Theory and practice of modern foreign language education). – Almatı, 2010. -340 b. [in Kaz]
- [2] Jetpisbaeva B.A. Köptildik bilim berwdiñ teoretikalıq-ädistemelik negizderi (Theoretical and methodological foundations of multilingual education). – Qarağandı: QarMW baspası, 2009. [in Kaz]
- [3] Gaïpov D.É. Qazaq-türık liceylerinde ağılşın tilin oqıtwdıñ ülgisin jasaw arqılı köptildi bilim berwdiñ utımdılığın arttırıw: ped.ğıl.kand.13.00.01 (Increasing the rationality of multilingual education by creating a model of teaching English in Kazakh-Turkish lyciums: ped.gil.kand.13.00.01.). – Astana, 2007. [in Kaz]
- [4] Berdenova S.J. Formirovanie kommwnikatıvnoy kompetencii poliyaziçnoy liçnostı wçaşçıxsya 5 klassa obşçebrazovatelnix şkol Kazaxstana s rwsskim yazıkom obwçeniya: dis. ... kand. ped.nawk. 13.00.02 (Formation of communicative competence of multilingual personality of students of 5th class of general education schools of Kazakhstan with Russian language: dissertation. ... sugar. ped. science. 13.00.02.). – Almatı, 2006. [in Rus.]
- [5] Jorabekova A.N. Formirovanie professionalnix kompetenciı bwdwşçego wçıtelya na osnove polilingvalnogo podxoda: dissert. PhD filosofiya dokt (Formation of professional competences of the future teacher based on the polylingual approach: dissertation. PhD, Doctor of Philosophy). – Twrkestan, 2015. [in Rus.]
- [6] Swleyменова É.D. Yazıkovıe processı i politika (Language processes and politics). – Almatı: Kazaxskiy wnıversitet, 2011. – 117 s. [in Rus.]
- [7] Qudabaeva P.A., Berkimbaev K.M. Mädeniëtaralıq kommwnikatıvtik quzirettiliktı qalıptastırwdağı Podcast, Case Study, Framing texnologiyalapı. Oqw-ädistemelik quralı (Podcast, Case Study, Framing technology in formation of intercultural communicative competence. Educational and methodological tool). – Türkistan, 2017. – 82 b. [in Kaz]
- [8] Esımğalıeva T.M. Bolaşaq pedagog-psixologtardıñ käsibi quzirettiligini köptildi bilim berw jağdayında qalıptastırw: PhD filosofiya dokt. Dissert (Formation of professional competence of future pedagogues-psychologists in the conditions of multilingual education: Ph.D. dissertation). – Almatı, 2022. – 194 b. [in Kaz]

[9] Qudaybergenova K.S. Quzırlılıq bilim sapasınıń krıterıy: ädisnaması jäne ğılımı teorıyalıq negizi (Competence is a criterion of the quality of education: methodology and scientific theoretical basis). Monografiya. – Almatı. 2008. – 328 b. [in Kaz]

[10] Kenjebekov B.T. Joǵarı oqıw ornı jüyesinde bolaşaq mamandardıń kásibı quzırettiligin qalıptastırw: ped.ǵıl.dokt....avtoref.: 21.05.05 (Formation of professional competence of future specialists in the system of higher educational institution: pedagogic doctor...author reference: 21.05.05). – Qaraǵandı: E.A. Böketov atındaǵı QarMW, 2005. – 40 b. [in Kaz]

[11] Orazbaeva K.O. Jahandanw jaǵdayında bolaşaq muǵalimderdiń kásibı quzırettiligin qalıptastırw: PhD filosofiya dokt. Dissert (Formation of professional competence of future teachers in the conditions of globalization: Ph.D. dissertation). – Almatı, 2016. – 40 b. [in Kaz]

[12] Amanova A.K. Bolaşaq pedagog-psixolog mamandarınıń kásibı quzırettiligin qalıptastırwdıń pedagogikalıq şarttarı: PhD filosofiya dokt. Dissert (Pedagogical conditions for the formation of professional competence of future pedagogic-psychological specialists: PhD philosophy doctor. dissertation). – Astana, 2017. -143 b. [in Kaz]

[13] YuNESKO-nıń tujırımdaması. Obrazovanıe v mnogoyazyçnom mire: Wstanovoçny dokwment YuNESKO (Education in a multilingual world: UNESCO founding document). – Parij, 2003. – 38 s.

[14] Qazaq tili termınderiniń salalıq ğılımı túsindirme sózdigi: Pedagogıka jäne psixologıya (Field scientific explanatory dictionary of Kazakh language terms: Pedagogy and psychology). – Almatı: «Mektep» baspası, 2007. – 232 b. [in Kaz]

[15] Sadıkova A.N. Wrokı jestkoy konkwrncıı (Uroki Fierce Competition): Yunıon Konsaltıng Grwpp, 2007. [in Rus.]

## **ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

\*Сансызбаева Д.Б<sup>1</sup> Алипбек А.З.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Казахский национальный педагогический университет  
имени Абая, Алматы, Казахстан  
e-mail: dinnar-a@mail.ru

<sup>2</sup>к.п.н., и.о. доцента Южно-Казахстанский педагогический университет  
им. Озбекали Жанибекова, Шымкент, Казахстан  
e-mail: [alipbek\\_ardak@mail.ru](mailto:alipbek_ardak@mail.ru)

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам о значении, содержании и возможностях формирования межкультурной компетентности учащихся в условиях трехязычного образования. Для обоснования актуальности названной проблемы в рамках статьи рассмотрены ключевые дефиниции: трехязычное образование, компетентность, межкультурная компетентность, а также с психолого-педагогических позиций проанализированы точки зрения ученых и исследователей в контексте заявленной проблемы и дано авторское определение.

Изложенный в статье теоретико-методологический анализ раскрывает идею о возможности привития современной молодежи универсальных, глобальных ценностей и формировании коммуникативных компетенций в условиях общения с представителями мирового пространства и соседних культур посредством трехязычного образования.

Научно-практическое значение статьи прослеживается через рекомендации авторов по совершенствованию тестов, анкетирования, собеседований, бесед, непосредственного контроля за письменными работами и психологическими упражнениями обучающихся, направленных на формирование их межкультурной компетентности.

**Ключевые слова:** трехязычное образование, ученичество, культура, компетентность, межкультурность, общение, формирование, методы и приемы

## **OPPORTUNITIES FOR THE FORMATION OF INTERCULTURAL COMPETENCE OF STUDENTS IN THE CONTEXT OF TRILINGUAL EDUCATION**

\*Sansyzbaeva Д.Б.<sup>1</sup>, Alipbek A.Z.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

e-mail: dinnar-a@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Acting Associate Professor, Ozbekaly Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

e-mail: alipbek\_ardak@mail.ru

**Abstract.** The article is devoted to questions about the meaning, content and possibilities of developing intercultural competence of students in the context of trilingual education. To substantiate the relevance of this problem, the article examines key definitions: trilingual education, competence, intercultural competence, as well as from a psychological and pedagogical point of view, the points of view of scientists and researchers in the context of the stated problem are analyzed and the author's definition is given.

The theoretical and methodological analysis presented in the article reveals the idea of the possibility of instilling universal, global values in modern youth and the formation of communicative competencies in the conditions of communication with representatives of the world space and neighboring cultures through trilingual education.

The scientific and practical significance of the article can be traced through the authors' recommendations for improving tests, questionnaires, interviews, conversations, direct control over written work and psychological exercises of students aimed at developing their intercultural competence.

**Key words:** trilingual education, apprenticeship, culture, competence, interculturality, communication, formation, methods and techniques

*Статья поступила 14.11.2023*